

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 745 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқару холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері – энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан көп тоннаға барабар көлемінде энергетикалық ресурстарды тұтынатын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектордың субъектілері;»;

мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) энергия сервистік компания – энергия тиімділігін арттыру бойынша

іс-шараларды жүзеге асыратын заңды тұлға.»;

2) 13-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және жоғары электр қыздыру шамдарын мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектордың субъектілері үшін сатып алуды жүзеге асыруға;»;

3) 19-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметті ақпараттық қамтамасыз етуді орталық және жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік сектордың субъектілері:»;

4) 21-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес энергия сервистік компаниямен энергия тиімділігін арттыру бойынша шарт жасасуға құқылы.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті